

Мүдделі тараптармен өзара әрекет жоспары

**«ҚУАТЫ 100 МВт ШОҚПАР ЖЕЛ ЭЛЕКТРСТАНЦИЯСЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ» ЖОБАСЫ**

Қараша 2022 жыл

Мүдделі тараптармен өзара әрекет жоспары

«ҚУАТЫ 100 МВт ШОҚПАР ЖЕЛ ЭЛЕКТРСТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ» ЖОБАСЫ

Қараша 2022 жыл

Жария құжат

Байланыс деректері:

Аты: Наурызбек Жумагазин, *Аймақтық әкімшілік менеджері*

Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 1 ықшам ауд., 2 құрылыс, 4 кеңсе

Телефон: +7 727 355 8844

Факс: +7 727 355 8833

Email: info@sarysuwpp.kz

Мазмұны

1. КІРІСПЕ	4
1.1. Қысқаша ақпарат	4
1.2. Жоспардың мақсаты	4
1.3. Жоспар қамтитын сала	5
2. ЖОБА ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ	6
3. КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ӨТКІЗУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ	8
3.1. Ұлттық заңнама талаптары	8
3.2. ЕҚДБ талаптары	10
3.3. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттің және жұртшылықты ақпараттандырудың қолда бар бағдарламалары	10
4. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ АНЫҚТАУ	13
5. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ БАҒДАРЛАМАСЫ	15
5.1. Ақпаратты жария ету	15
5.2. Мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасы	16
<i>A. «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-нің экологиялық және әлеуметтік (ЭжӘ) мәселелер бойынша ішкі мәжілістері</i>	<i>19</i>
<i>B. Жергілікті билік органдарымен және аймақтық реттеуші органдармен кездесулер</i>	<i>20</i>
<i>C. Жергілікті жұртшылықпен және кәсіпорындар иелерімен кездесулер</i>	<i>20</i>
<i>D. Жергілікті БАҚ-тармен өзара әрекет</i>	<i>20</i>
<i>E. ЕДҚБ-мен экологиялық және әлеуметтік (ЭжӘ) мәселелер бойынша мәжілістер</i>	<i>20</i>
<i>F. Мемлекеттік емес ұйымдармен кездесулер</i>	<i>20</i>
6. ЕСЕПТІЛІК, ШАҒЫМ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАРАУ МЕХАНИЗМІ	21
6.1. Мониторинг, есептілік және кері байланыс механизмі	21
6.2. Шағым түсіру және қарау механизмі	21
6.3. Шағымды шешу	22
6.4. Рөлдер мен міндеттер	22
1 ҚОСЫМША – Шағым түсіру және оны қарау процедурасы және шағым формасы	24

1. КІРІСПЕ

1.1. Қысқаша ақпарат

Бұл құжат «Қуаты 100 МВт Шоқпар жел электрстанциясының (ЖЭС) құрылысы» жобасы бойынша мүдделі тараптармен өзара әрекет жоспары (МТӨЖ) болып келеді. Осы құжатта Жамбыл облысында қуаты 100 МВт ЖЭС құрылысын салу мен пайдалануға қатысты тиісті мүдделі тараптар, байланыс арналары және жоспарлар анықталған, Оңтүстік Қазақстан

МТӨЖ-де ұлттық заңнамаға, Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) 2019 жылға арналған Экологиялық және әлеуметтік саясатына шолу, ЕҚДБ-ның 10 жобасын іске асыруға қойылатын талаптары: Ақпаратты ашу және мүдделі тараптарды, Еуропалық Одақтың (ЕО) директиваларын және ақпаратты ашуға байланысты озық халықаралық практиканы тарту ұсынылған. Онда мүдделі тараптармен өзара әрекет пен жұртшылыққа консультациялар өткізуге жалпы көзқарас баяндалған.

1.2. Жоспардың мақсаты

Бұл МТӨЖ атқарушы органның мүдделі тараптармен өзара әрекет, консультациялар өткізу және ЕҚДБ-ның Шоқпар ЖЭС-ке ұсынылатын инвестицияларына байланысты ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемелері баяндалатын жария құжат болып табылады.

«Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС (ШЖЭС) – осы Жобада көзделген ЖЭС құрылысы мен пайдалануын жүзеге асыратын компания. Жұртшылық осы МТӨЖ-ге (қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде) жобаның веб-сайтында (ол жасалған кезде) қол жеткізе алады және таныса алады.

Осы МТӨЖ-дің мақсаты Жоба бойынша мүдделі тараптармен өзара әрекет қалай жүзеге асырылатынын және «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС мен жергілікті тұрғындар арасындағы ұзақ мерзімді қатынастар қалай сақталатынын анықтау болып табылады. Бұл МТӨЖ сондай-ақ Жобаның қатысы бар тұлғалардың және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен жан-жақты қамтылған және дер кезінде ақпараттандыруға, жетілдіруге және шешімдер қабылдауға жәрдемдесуге, сондай-ақ осы топтарға Жоба туралы өз пікірін білдіру үшін жеткілікті мүмкіндіктер беруге бағытталған.

МТӨЖ-де бүгінгі күні жүргізілген жұртшылықпен консультациялар қысқаша сипатталады және мүдделі тараптарды жел электр станциясына байланысты сипат пен ықтимал әсерлер туралы хабардар ету үшін Жоба аясында жүзеге асырылатын іс-шаралар анықталады.

МТӨЖ-де тиісті мүдделі тараптар көрсетілген, коммуникацияның барынша қолайлы арналары мен стратегиялары, ақпаратты ашуға қойылатын талаптар және қабылданатын шағымдарды қарау процедуралары көрсетілген мүдделі тараптардың кестесі бар. Егер МТӨЖ-ге енгізілмеген мүдделі тараптар болса, олар жоба туралы ақпарат алу және осы МТӨЖ аясында мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасына қосу үшін жоғарыда аталған байланыс тұлғасына хабарласа алады.

МТӨЖ-дің нақты мақсаттары төменде сипатталған:

- Жоба ауданын анықтау;
- Құрылысқа қатысы бар тараптар мен басқа да мүдделі тараптарды анықтау, картаға түсіру және бағалау, сондай-ақ оларға Жобаның ықпалы қалай тиетінін немесе олардың жобаға мүдделілігін анықтау;

- олармен өзара әрекеттесудің тиісті әдістері мен құралдарын жасау мақсатында Жобаның мүдделі тараптарын түсіну үшін жүргізілген мүдделі тараптарды талдауды баяндау;
- Мүдделі тараптарға жобаға елеулі үлес қосуға мүмкіндік беретін консультациялар өткізу жөніндегі іс-қимылдар жоспарын ұсыну;
- Мүдделі тараптардың Жобаның іске асу барысы туралы ақпаратқа уақтылы қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- Мүдделі тараптарға ашылатын ақпараттың қолжетімділігін, сондай-ақ барлық тілек білдірушілер үшін консультациялар өткізілетін орындарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Барлық осал топтарды анықтау және олармен консультацияларды өткізуді қамтамасыз ету;
- Мүдделі тараптардың сұрақтарына, алаңдаушылықтары мен шағымдарына жауап берудің айқын механизмдерін белгілеу; және
- Жария ету бойынша ресми консультациялар мен іс-шараларды тіркеу, мүдделі тараптарды қадағалау және жазбаларды басқару жүйесін анықтау.

Осы МТӨЖ жүзеге асыру үшін жауапкершілік келесі тұлғаға жүктеледі:

Наурызбек Жумагазин, *Аймақтық әкімшілік менеджері*

Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 1 ықшам ауд., 2 құрылыс, 4 кеңсе

Телефон: +7 747 271 1469

Факс: +7 727 355 8833

Email: info@sarysuwpp.kz

1.3. Жоспар қамтитын сала

Бұл МТӨЖ «Шоқпар жел электрстанциясының құрылысы» жобасы бойынша мердігердің қызметімен қоса «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-ның қызметін қамтиды. Жоспар келесі тараулардан тұрады:


- 2 бөлім – Жоба туралы қысқаша ақпарат
- 3 бөлім – Консультациялар өткізу және ақпаратты ашу
- 4 бөлім – Мүдделі тараптарды анықтау
- 5 бөлім – Мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасы
- 6 бөлім – Есептілік және шағымдарды қарау механизмі

2. ЖОБА ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

«Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС Қазақстан Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы белгіленген қуаты 100 МВт болатын желэлектрстанциясының құрылысын салуды жоспарлап отыр (төмендегі 1 суретті қараңыз). Жоба қуаттылығы 4,8 МВт болатын Envision (EN-156) компаниясы шығарған 22 Жел Энергетикалық қондырғыны (ЖЭҚ), қуаттылығы 220 кВ жаңа көтергіш қосалқы станцияны және жаңа қосалқы станцияны қолданыстағы Опорная» ҚС қосу торабымен қосатын қуаттылығы 220 кВ қос желілі электр беру желісін қамтиды (жобаның схемасы төмендегі 2-суретте көрсетілген). Қолданыстағы «Опорная» қосалқы станциясы жаңа қосылу желілерін орналастыру үшін кернеуі 220 кВ фидерлерді қосу есебінен кеңейтіледі.


Қазіргі уақытта Жоба құрылыстың бастапқы сатысы кезеңінде. жұмыстар 2022 жылғы маусымда басталды және 19 айға созылады деп күтілуде. Жел электрэнергиясы станциясын пайдалануға беру 2024 жылдың қаңтарына жоспарланып отыр.

1 сурет Жамбыл облысындағы Шоқпар ЖЭС орналасуы



ЖЭС жобасы аймақты жаңғыртылатын энергияның тұрақты көзімен қамтамасыз етуге және Қазақстанның ұлттық деңгейде белгіленген салымның мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізуіне қолдау көрсетуге бағытталған. Ұзақ мерзімді перспективада табыс пен жергілікті бюджетті ұлғайту, сондай-ақ аймақты энергиямен жабдықтаудың жалпы сенімділігін арттыру көзделеді.

2 сурет – Жаңатас қаласының маңындағы Шоқпар ЖЭС орналасуы



3. КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ӨТКІЗУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ

Жоба мүдделі тараптармен өзара әрекет және ақпаратты ашу саласындағы негізгі ұлттық заңнамаға, сондай-ақ ратификацияланған халықаралық конвенцияларға және ЕҚДБ-нің жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарына сәйкес келетін болады.

3.1. Ұлттық заңнама талаптары

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ақпаратты ашу және тарату, сонымен бірге жұртшылықпен консультациялар, әсіресе жобаның қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін болса, әзірлеу процесінің бір бөлігі болып табылады.

Қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасы бастапқы жоспарлардан, жобалаудан, салудан және пайдаланудан бастап объектіні жабуға дейінгі шаруашылық қызметтің барлық кезеңдерінде ҚОӘБ (қоршаған ортаға әсерді жергілікті бағалау) жүргізуді талап етеді. Экологиялық тәуекелдерді болжау және бағалау ҚОӘБ негізгі міндеті болып табылады, оны тексеруге Мемлекеттік экологиялық сараптама жолданған.

Шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуына қатысты Қазақстан Республикасының Негізгі заңнамалық актісі Экологиялық кодекс болып табылады. **Жаңа экологиялық кодекске** (2021 жылғы 2 қаңтардағы жағдай бойынша) келесі қызмет түрлеріне немесе мәселелеріне байланысты өнеркәсіпті дамыту және/немесе пайдалану жобаларына тікелей қолданылатын бірқатар негізгі талаптар кіреді:

- Кешенді экологиялық шешім алу;
- Ең үздік қол жетімді технологияларды (ҰҚТ) енгізу;
- Барлық кезеңдерде ҚОӘБ (жергілікті ҚОӘБ) жаңа талаптарына сәйкестік;
- Қалдықтарды жіктеудің жаңа ережелерін сақтау және қалдықтармен жұмыс,
- Шығарылымдарға үздіксіз және автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнату;
- Мүдделі тараптарды жобаға толық жұмылдыру (ҚОӘБ процедурасына қосымша беріледі);
- Халықаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасында ратификацияланған келісімдерді сақтау (бұл да ҚОӘБ процедурасына қосымша беріледі).

Сонымен бірге, Экологиялық кодекс қоршаған ортаға әсерді бағалау процедурасымен қоса (ҚОӘБ), экологиялық рұқсат алу процедурасын да белгілейді. ҚОӘБ рұқсат беру процедурасы үшін негіз жасайды, ал ҚОӘБ құжаты ластау көздері бойынша атмосфераға ластаушы заттардың барлық шығарындыларының жүктемесін бағалауды, сондай-ақ қабылдаушы су объектілеріне ағынды суларды шығарудың максималды шегін белгілейді. ҚОӘБ құжаты аяқталғаннан кейін және жергілікті билік мақұлдағаннан кейін, рұқсат беру процедурасы басталады және рұқсаттар заңнамада және ҚОӘБ-де белгіленген деңгейлерге сәйкес беріледі.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет жасасу жөніндегі барлық қызмет ҚОӘБ процедурасымен шектеледі, оның аясында ҚОӘБ нәтижелері мен қорытындылары негізгі мүдделі тараптар мен жұртшылыққа түсініктемелер/кері байланыс алу үшін ашылуы тиіс. Мүдделі тараптармен өзара іс әрекет жария талқылауларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Заңнама сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдары бекіткенге дейін жыл сайынғы қоршаған ортаны қорғау іс-қимыл жоспарының әр шығарылымында қоғамдық талқылауды ұйымдастыруды талап етеді. Мүдделі

тараптардан ескертулер мен шағымдарды түсірудің және оларды қараудың сыртқы механизмі жоқ.

Сөйтіп, қолданыстағы заңнамалық жүйе жұртшылықпен консультациялар өткізу және шешім қабылдауға қатысу бойынша нұсқаулықтарды қарастырады, алайда мұндай қызметтің ауқымы ұсынылған жобаның түрі мен ауқымына және қоғамдық мүдде дәрежесіне байланысты. Төменде жаңа Экологиялық кодекске (2021 ж.) сәйкес мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу және жұртшылықтың қатысуы процедурасына қысқаша шолу келтірілген.

ҚОӘБ туралы есеп – жария талқылау. ҚОӘБ бойынша есеп жобасы мүдделі мемлекеттік органдардың және жұртшылық өкілдерінің қатысуымен жария талқылауға жатады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган құжаттарды алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ҚОӘБ туралы есептің жобасын жария талқылаулар өткізу туралы хабарландырумен бірге ресми интернет-ресурсқа шығарады; қажет болған жағдайда орган есептің жобасын мүдделі мемлекеттік органдарға (басқа министрліктер мен ведомстволарға) жібереді. Жария талқылаулар өткізілетін күнге дейін 20 (жиырма) күн бұрын ҚОӘБ бастамашысы жария талқылаулар өткізілетін күн, уақыт және орын туралы хабарландыруларды қазақ және орыс тілдерінде кем дегенде бір газетте және жергілікті және өңірлік деңгейде хабар тарататын кем дегенде бір теле- болмаса радиостанцияда орналастыру арқылы жария түрде хабарлауға міндетті.

Жария талқылаулардың ұзақтығы қатарынан 5 (бес) жұмыс күнінен аспауы тиіс. Жария талқылаулар аяқталғаннан кейін хаттама жасалады, оған кем дегенде келесілер кіруі тиіс:

- мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың жазбаша түрде ұсынған барлық ескертулері және ұсыныстары;
- әр ескерту мен ұсыныс бойынша бастамашының жауабы және түсініктемесі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте хаттамаға шағымдану құқығы туралы ақпарат.

Жария талқылаулар хатшысы жария талқылаулар хаттамасын жасайды және сол хаттамада көрсетілген ақпараттың толықтығы мен дәлдігі үшін жауап береді. Хаттамаға төраға мен хатшы жария талқылаулар аяқталғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде қол қояды.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы қол қойылған хаттаманы оған қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей ресми интернет-ресурсқа шығарады. Жария талқылау хаттамасына қол қойылғаннан кейін келесі іс-шаралар өткізіледі:

- хаттамада ескертулер және мүдделі мемлекеттік билік органдары мен жұртшылық арасында кері байланыс болмаған жағдайда, төраға екі жұмыс күні ішінде экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды дайындау үшін қол қойылған хаттаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жолдайды;
- егер хаттамада мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары болса, бастамашы ықтимал әсерлер туралы есеп жобасының осындай ескертулер мен ұсыныстарға сәйкес толықтырылатынына кепілдік береді; барлық түсініктемелер / кері байланыс/алаңдаушылық ескерілгенде, ҚОӘБ туралы қорытынды есеп түбегейлі бекітуге билік органына жолданады;

- Билік органдары ҚОӘБ есебін ресми түрде бекіткен кезде, екінші ресми қоғамдық талқылаулар бірінші талқылаулар сияқты ұйымдастырылуы тиіс.

3.2. ЕҚДБ талаптары

Жоба 2019 жылға арналған ЕҚДБ (ЭСП) экологиялық және әлеуметтік саясатына (ЭӘС) және ЕҚДБ-нің жобалардың жүзеге асырылуына қойылатын талаптарына (ТР) сәйкес жүзеге асырылатын болады. ЕҚДБ 7 ТР (Байырғы халық) және ЕҚДБ 9 Т (Қаржылық делдалдар) бұл Жобаға қолданылады.

Мүдделі тараптармен консультациялар жүргізуге және ақпаратты ашуға байланысты негізгі ТР – 10 ТР болады. Осы ТР-ның (PR) негізгі тиісті талаптары болып табылады:

1 кесте: ЕҚДБ-нің жобаның жүзеге асырылуына қоятын талаптары (ТР 10)

- Тұлғаны немесе тұрғындар тобын анықтау, и) Жобаға қатысы бар немесе қатысы болуы мүмкін; немесе Жобаға мүдделілігі болуы мүмкін.
- Жоба жағымсыз немесе осал жағдайына байланысты сараланған немесе пропорционалды емес әсер етуі мүмкін адамдарды немесе тұрғындар тобын анықтау. Жоба аясында жас, жыныс және этникалық қарастылығына байланысты өзара әрекеттесудің әртүрлі әдістерін қолдану қажет болуы мүмкін.
- Жобаға қатысы бар мүдделі тараптарға жоба туралы тиісті ақпаратты ашу; ақпарат қол жетімді және мәдени тұрғыдан қолайлы болуы тиіс.
- Қатысты тараптармен мағыналы консультациялар жүргізу; консультациялардың инклюзивті, мәдени тұрғыдан қолайлы болуын және жергілікті тілде жүргізілуін қамтамасыз ету.
- Алаңдаушылық тудыратын мәселелер мен мүдделі тараптардың шағымдарын алу және оларды шешуді жеңілдету үшін шағымдарды беру мен қараудың тиімді механизмін немесе процедурасын жасау.

3.3. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттің және жұртшылықты ақпараттандырудың қолда бар бағдарламалары

«Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС 2020 жылдан бастап жобаның әртүрлі мүдделі тараптарымен өзара әрекеттер жасайды, бұл алдын ала ҚОӘБ дайындау кезеңімен тұспа-тұс келді. Жобалау компаниясы келесі мекемелермен және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесті:

- Жаңатас қаласының әкімдігі
- Жаңаарық ауылының әкімдігі
- Ақтоғай ауылының әкімдігі
- «Қазфосфат» ЖШС
- «ЕвроХим» ЖШС
- Жергілікті халық (Ақтоғай мен Жаңаарық ауылдарының тұрғындары)

Алдын-ала ҚОӘБ: жариялау және жария талқылау

Жергілікті заңнаманың талаптарына сәйкес ҚОӘБ туралы есеп жарияланғанға және жария талқылаулар жүргізілгенге дейін 30 күннен кешіктірмей жария талқылаулар өткізілетіні туралы хабарландырулар «Сарысу» жергілікті газетінде, «Жаңатас» жергілікті радиосында және әкімдікке кіре берістегі ақпараттық тақтадағы хабарландыруларда орналастырылды (1 сурет).

Алдын-ала ҚОӘБ жариялау/талқылау жөніндегі ресми жиналыс 2022 жылғы 21 қаңтарда сағат 18:00-де Жаңаарық ауылында өтті. Қоғамдық жиналысқа барлығы 27 адам қатысты. Компания өкілдері ұсынылған Жоба туралы ақпаратты жариялады және қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Жиналыс хаттамасына сәйкес, жергілікті тұрғындар көтерген негізгі мәселелер төмендегілерге қатысты болды:

- құрылыс және ЖЭС пайдаланған кезде туындайтын шуға қатысты алаңдаушылық; және
- жергілікті тұрғындардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі.

3 сурет – Қуаттылығы 100 МВт болатын Шоқпар жел электрстанциясы ҚОӘБ жария талқылау туралы хабарландыру



Бұрын хабарланғандай, «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС тұрғындар құрылыстың барысын бақылап, өз сұрақтарын қою үшін байланыс деректері көрсетілген веб-сайт, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі Бет жасайды жоспарлап отыр.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет жөніндегі қосымша іс-шаралар және консультациялар

2022 жылғы 17 тамызда кредитордың Жобаны кешенді әлеуметтік-экологиялық сараптамасы аясында Жобалау компаниясы және жоба Инвесторлары Жобаның мүдделі тараптарымен жоғары деңгейде бірқатар қосымша консультациялар өткізді (қысқаша ақпарат 1 кестеде келтірілген).

Жобалау компаниясы мен жоба Инесторы жергілікті билікпен сындарлы қарым-қатынас орната алғаны атап өтілді. Әкімдіктер өңірдегі жел энергетикасын дамытуға терең қызығушылық танытты және жел энергетикасын әзірлеушілер мен инвесторларға қажеттілігіне қарай толық қолдау көрсетуге уәде берді.

Сарысу қаласының әкімі осы аудандағы жел энергетикасы ресурстарын дамытудың перспективалық жоспарлары туралы ақпаратпен бөлісті. Оның ақпараты бойынша, жергілікті билік және (ұжымдық) инвесторлар мен жел энергетикасын әзірлеушілер арасында Қаратау – Жаңатас автомагистралі бойындағы үлкен Ақтау жотасының солтүстік беткейінде жел ресурстарын игеру жөнінде жалпы қуаттылықты 400 МВт-қа дейін кеңейту туралы меморандум бар.

1 кесте – Объектіге барған кезде өткізілген мүдделді тараптармен кездесулер

Өткізілген кездесулер	Кездесулерде талқыланған негізгі сәттер
<p>Сарысу ауданы әкімдігіндегі кездесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сарысу ауданы әкімі - Жаңатас қаласы әкімі - Ақтоғай ауылы әкімі; және - Жаңаарық ауылы әкімі. 	<p>Шоқпар ЖЭС – жалпы мәртебесі және құрылыс барысы</p> <p>Жобалау компаниясы Жобаның ағымдағы мәртебесі туралы қысқаша ақпарат берді – жергілікті рұқсаттар/лицензиялар алу және талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету; құрылыс жұмыстарының мәртебесі:</p> <p>Шоқпар жел электрстанциясы жобасын жұртшылықтың қабылдауы қандай?</p> <p>Жоба аймақтың дамуына өз үлесін қосады және аймаққа инвестиция тартуға көмектесетіні мәлімделді. Сарысу ауданы әкімдігінің, Жаңатас қаласы әкімдігінің, Жаңаарық ауылы әкімдігінің және Ақтоғай ауылы әкімдігінің жобаны толық қолдайтыны хабарланды.</p> <p>Жұртшылық татапынан қандай да бір наразылық болды ма?</p> <p>Ол туралы хабарланған жоқ. Жергілікті тұрғындар Жаңатас ЖЭС жобасының дамуын қадағалады; жұмыстың ерте кезеңінде барлық төрт әкімдіктің әкімдері жергілікті тұрғындарға Шоқпар ЖЭС жобасының артықшылықтарын түсіндірді. Ауылдарда кәсіпорындар болмағандықтан, жобаны қолдау жоғары болды, әсіресе ол жергілікті экономикаға бағытталатын салықтар әкелетіні және ауыл осы инвесторға және аймақтық дамуына үлес қоса алатын басқаларға қуанышты болады</p> <p>Турбиналарды тасымалдау маршруттары мен жұртшылыққа ықтимал әсер етуі туралы қысқаша талқылау</p> <p>Жобаны әзірлеуші жел турбиналары түнгі уақытта тасымалдануы мүмкін екенін және тасымалдау мен орнатуға қажетті барлық рұқсаттар алынатынын мәлімдеді. Мұнаралар мен жел турбиналарының қалақтарын тасымалдауға арналған жолдардың жарамдылығына келетін болсақ, мұнаралар секциялардан тұрады, ал қалақтар тұтас (ұзындығы 67 м), сондықтан көлік құралдарының бұрылу радиусын азайту үшін кейбір жол учаскелерін кеңейту/өзгерту қажет болуы мүмкін (әсіресе екінші дәрежелі жергілікті кішкене жолдар).</p> <p>Мұздардың шашырауы мен шу әсерлері</p> <p>Мұз шашырауы қатысты Компания тұрғын үй ауданына ең жақын ЖЭҚ 1,2 км қашықтықта орналасқанын және мұз шашырау қаупі жоқ екенін айтты;</p>

Өткізілген кездесулер	Кездесулерде талқыланған негізгі сәттер
	сонымен қатар, мұз шашырайтын жағдай үшін 400 метрлік буферлік аймақ бар деп айтылды, бірақ мұздың шашырауы екіталай, өйткені қыс айларында ЖЭҚ қалақтарын техникалық қорғауды қамтамасыз ету үшін мұздан тазарту жұмыстары жүргізілетін болады. ЖЭҚ-қа кіру тиісті белгілері бар кедергілерді орнату арқылы шектеледі («Бөгде адамдарға кіруге тыйым салынады», «Рұқсатсыз кіруге тыйым салынады»). Шу әсеріне қатысты - кездесуге қатысқан әкімдер мен жергілікті тұрғындар қазіргі және жұмыс істеп тұрған Жаңатас ЖЭС - тен жағымсыз шу әсерінің жоқтығын атап өтті; жұртшылық Шоқпар ЖЭС жергілікті халықты мазаламайды деп күтеді.

4. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ АНЫҚТАУ

Мүдделі тараптарды анықтаудың мақсаты Жобаның мүдделі тараптарын және консультациялар өткізу үшін олардың басымдылығын анықтау болып табылады. Мүдделі тараптарды анықтау - бұл үздіксіз процесс, сондықтан негізгі мүдделі тараптарды анықтау жобаның әртүрлі кезеңдерінде жалғасатын болады. Жобаның әсер ету аймақтары негізінде мүдделі тараптардың картасын жасау үшін жүйелік тәсілдеме қолданылады. Мұндай тәсілдемемен әлеуметтік әсер ету аймақтарының картасын жасау арқылы мүдделі тараптар әсер ету аймағы бойынша анықталады.

Мүдделі тараптарды картаға түсіру нәтижесінде жобаның мүдделі тараптары екі негізгі санатқа бөлінді:

- a) Негізгі мүдделі тараптар – Жоба тікелей әсер ететін тұлғалар мен топтар; және
- b) Қосалқы мүдделі тұлғалар - Жоба әсер ететін, бірақ міндетті түрде тікелей әсер етпейтін тараптар, сондай-ақ Жоба жанама әсер ететін тараптар.

Анықталған негізгі мүдделі тараптар 2 кестеде ұсынылады:

2 кесте: Анықталған негізгі мүдделі тараптар жәге олардың Жобаға мүдделілігі

Мүдделі тараптар санаты	Типі	Атауы	Жобаға мүдделілігі
Негізгілер	Жобаны әзірлеуші	«Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС	Шешім қабылдау және жобаны іске асыру процесі.
	Демеуші (лер)	Visor International (VISOR) және China Power International Holding (CPIH)	Шешім қабылдау процесі және жобаны табысты іске асыру.
	Жергілікті және аудандық билік органдары	Сарысу ауданының әкімі, Жаңатас қаласының әкімі, Жаңаарық ауылының әкімі	Жергілікті қажеттіліктерді анықтау және Компанияға жоба мен құрылыс кезеңіндегі әсерге байланысты мәселелер бойынша кері байланыс беру.

Мүдделі тараптар санаты	Типі	Атауы	Жобаға мүдделілігі
		және Ақтоғай ауылының әкімі	
		Қоғамдық кеңес	Жергілікті халықтың мүдделерін білдіру және Жоба туралы ағымдағы ақпаратты жергілікті тұрғындар арасында тарату.
		Жаңатас қаласының халыққа қызмет көрсету орталығы	Жоба туралы ағымдағы ақпаратты жергілікті тұрғындар арасында тарату.
		Аудандық жұмыспен қамту орталығы	Жергілікті халыққа Жобаны іске асырудың әр кезеңінде жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат беру.
	Жұртшылық және кәсіпорын	Жергілікті жер иелері, жергілікті малшылар, кәсіпорындар, тұрғындар және жұмыс іздеп жүрген адамдар (оның ішінде осал адамдар) ¹	Жұмысқа орналасу мүмкіндігінен және энергиямен жабдықтау тұрақтылығынан пайда алу.
Қосалқы	Мемлекеттік емес ұйымдар	Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау қауымдастығы (ҚБСҚ).	Жобаның компоненттерін және олардың биоәртүрлілікке әсерін түсіну, оны сақтау бойынша күш салу.
		Қазақстанның жаңғыртылатын энергетика қауымдастығы (ҚЖЭҚ)	Жамбыл облысында климаттың өзгеруінің салдарын жеңілдетуге және жаңғыртылатын энергия көздеріне инвестицияларды ілгерілетуге жобаның үлес деңгейін түсіну.
	Мердігерлер	GCD және Шанхай машина жасау және электротехника институты (SIMEE)	Тендерлер, материалдар мен жабдықтар жеткізушілер, Жобаны жүзеге асыруға қатысу.
	Құрылысшылар	Қазақстанда орналасқан жергілікті жеке тұлғалар	Құрылыс жұмыстарын орындауға мердігерлерді жұмылдыру.

¹ ЕҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес (2019) «Осал адамдар» жыныстық қарастылығы, гендерлік сәйкестік, сексуалдық бағдар, дін, этникалық қарастылық, байырғы халыққа деген көзқарас, жас (балалар, жастар мен қарттарды қоса алғанда), физикалық немесе психикалық кемшілік, сауаттылық, саяси көзқарастар немесе әлеуметтік мәртебе сияқты ерекшеліктеріне байланысты Жобаның әсерінен басқаларға қарағанда ауыр зардап шегуі мүмкін тұлғалар немесе халық топтары ретінде анықталады. Осал адамдар және / немесе халық топтары кедейлік шегінен төмен өмір сүретін адамдар, жерсіз, жалғыз басты үй шаруашылықтары, халықтың табиғи ресурстары есебінен өмір сүретін адамдар, еңбек мигранттары, босқындар, қоныс аударушылар немесе басқа қоныс аударушылар сияқты осал адамдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді, оларға ұлттық заңнамада және/немесе халықаралық жария құқықта көзделген қорғау қолданылмауы мүмкін.

Мүдделі тараптар санаты	Типі	Атауы	Жобаға мүдделілігі
	Инженерлер-инспекторлар	«Build Master Group» ЖШС (BMG Ltd.) және «Достар Строй Групп» ЖШС (DSG)	Құрылыс барысында Мониторинг және техникалық қадағалау және Жобаның техникалық сәйкестігіне көшпелі аудиттер жүргізу.
	Жергілікті БАҚ	«Новый регион» және «Сарысу» газеттері	Жобаны өзірлеу және жергілікті жұртшылыққа әсер ету.
Кредитор	Кредиттік ұйым	ЕҚДБ	Белгілі бір экологиялық, әлеуметтік және техникалық талаптар сақталған жағдайда жобаны қаржыландыру үшін қарыз беру.

5. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ БАҒДАРЛАМАСЫ

5.1. Ақпаратты жария ету

Осы жоба аясында пайдаланылатын ашылатын ақпарат түрлері мен коммуникацияның нақты әдістері төмендегі 3 кестеде Мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасында қысқаша баяндалған. Сыртқы коммуникациялардың мақсаты қатысты тұлғалармен және басқа да тиісті мүдделі тараптармен тұрақты өзара әрекетті қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды жобаның ағымдағы қызметі, тиімділігі, дамуы және іске асырылуы туралы ақпарат беру болып табылады. Жария түрде ашылуға жататын ақпарат ЕҚДБ-нің жұртшылықты ақпараттандыру саясатымен, жобаларды іске асыруға қойылатын ЕҚДБ 10 талабымен және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасымен реттеледі.

МТӨЖ - бұл жобаны іске асырудың әрбір кезеңінде, қажет болған жағдайда, жобаның дамуына және жаңа мүдделі тараптардың анықталуына байланысты мүдделі тараптармен өзара әрекет жасаудағы өзгерістерді көрсету үшін жылына кемінде бір рет (немесе өзгерістер енгізу кезінде) қайта қаралатын және жаңартылатын қолданыстағы құжат. Жарияланатын ақпарат құжаттамада, жұмыс кестесінде немесе жобаның әсер ету аймақтарында өзгерістер болған жағдайда өзгеруі мүмкін. 3-кестеде көрсетілген сыртқы және ішкі коммуникация әдістері мен ашылатын ақпарат айрықша болып табылмайды және «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС мүдделі тараптардың сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ашу туралы шешім қабылдай алады.

«Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС қолданыстағы және болашақ жобаларға қатысты ішкі және сыртқы коммуникацияларға жауап береді және қатысы бар немесе мүдделі тараптар үшін негізгі байланыс тұлғасы болады. Жобаға байланысты барлық құжаттар мен коммуникациялар ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес және мүдделі тараптардың тілдік қажеттіліктерін ескере отырып және тілдік қажеттіліктерді негізге ала отырып, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде қолжетімді және аталған тілдерде жүзеге асырылатын болады.

5.2. Мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасы

Мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасы Жобаны іске асыру басталғанға дейін, сондай-ақ қажет болған жағдайда оны іске асыру барысында тиісті мүдделі тараптармен консультациялық кездесулер өткізуді көздейді. Өзара әрекеттер бойынша кеңестер мен іс-шаралар мүдделі тараптардың ағымдағы ұсыныстарын, идеяларын немесе алаңдаушылықтарын қарау үшін қажет. Толық қатысуды қамтамасыз ету үшін мүдделі тараптар жоба туралы толығырақ ақпарат алу үшін немесе жобаның бүкіл өмірлік циклі ішінде өз пікірлерін, идеяларын ұсыну үшін бірнеше арналарды (телефон, электрондық пошта, веб-сайт) пайдалана алады.

Мүдделі тараптар консультациялық кездесулерге қатыса алады және жобалау қызметі, байланыс тұлғалары және шағымдарды беру мен қараудың белгіленген механизмі, оның ішінде ақпарат алу арналары туралы толық ақпарат ала алады. Мүдделі тараптармен барлық кездесулерде қатысушылардың қол қойылған тізілім енгізілетін хаттама жасалады.

Жобаны іске асырар алдында немесе іске асыру кезінде көтерілген кез келген алаңдаушылық немесе шағымдарды «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС және мердігерлер талдайды және тіркейді. Мүдделі Тараптар әрбір құрылыс алаңында болатын шағым түсіру жәшіктерін пайдалана алады, сондай-ақ шағымдарды жасырын түрде беруге де болады. Шағым түсірушілердің компанияның шағымдарды қарау рәсімінен тыс олардың құпиялылығын қорғауды және жеке деректерін жария етпеуді талап етуге құқығы бар. Әдетте, жобаға, компанияға немесе оның мердігерлеріне қатысты шағымдар мен наразылықтар бірнеше арналар арқылы берілуі мүмкін:

- ❖ +7 747 271 1469 телефоны бойынша
- ❖ info@sarysuwpp.kz электрондық поштасы бойынша
- ❖ Келесі мекен-жай бойынша пошта арқылы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 1 ықшам ауд., 2 құрылыс, 4 кеңсе

Мердігерлер мен қосалқы мердігерлер алынған шағымдарды «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-не жолдау арқылы осы процеске жәрдем көрсетеді. Мүдделі Тараптардың өздері үшін ең қолайлы шағым түсіру немесе ақпарат алу арналарын пайдалану мүмкіндігі бар.

Алынған барлық түсініктемелер «ЕҚДБ талаптары» бөлімінде 3 тарауда келтірілген озық халықаралық практикаға сәйкес қабылданған міндеттемелерге сай қаралатын болады. Барлық хабарламалар сұраныс пен мүдделілікті қанағаттандыру үшін өзгерістер енгізу мүмкіндігі тұрғысында қарастырылады және хабарлама жіберуші нәтижелер туралы ақпараттандырылады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасы төмендегі 3 кестеді толығырақ келтіріледі:

3 кесте. Болашақ мүдделі тараптармен өзара әрекет бағдарламасы

Мүдделі тараптар	Коммуникация әдістері	Ашуға жататын ақпарат	Мерзімдері
▪ Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС	▪ Инженер-инспекторды, жобаны әзірлеушіні және мердігерлерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптармен қажетіне қарай ішкі кеңестер	▪ ӘЭШЖ (ПСЭМ), ЭӘБЖ (ПСЭМ) және ҚОӘБЖ (ПУВОС) жүзеге асыру бойынша жаңартылған ақпарат қажетіне қарай	▪ Құрылыс басталғанға дейін, келісімшартқа қол қойылғаннан кейін, құрылыс кезінде кездесу

Мүдделі тараптар	Коммуникация әдістері	Ашуға жататын ақпарат	Мерзімдері
	<ul style="list-style-type: none"> ▪ ЭЖӨ-ке қойылатын талаптарды анықтау үшін әрбір мердігермен ЭЖӨ мәселелері бойынша кем дегенде бір бастапқы кеңес. ▪ Алдымен ЭЖӨ талаптарын түсіндіру, содан кейін жобалық құжаттаманы қарастыру үшін жобаны әзірлеушімен кем дегенде екі кездесу өткізу қажет. ▪ МТӨЖ іске асыру жөніндегі маман сыртқы мүдделі тараптардан келетін электрондық хаттарға, телефон және жеке хабарламаларға жауаптар береді ▪ Жұртшылықпен байланыс бойынша маман жоба туралы жаңартылған ақпарат беру үшін Жаңатас ауылдық округі кеңесінің өкілдерімен тұрақты байланыста болады. 		
<ul style="list-style-type: none"> ▪ Жергілікті билік органдар 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Жоба туралы Жаңатас ауылдық кеңесінің веб-сайты арқылы және электрондық пошта арқылы хабарлау. ▪ «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-мен кездесулер ▪ «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-нен ресми материалдар 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Жобаның сипаттамасы, құрылыстың мерзімі мен негіздемесі. ▪ Құрылыс жұмыстарын жүргізуге жергілікті лицензиялар немесе рұқсаттар беру туралы шешім 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Құрылыс аяқталғанға дейін.
<ul style="list-style-type: none"> ▪ Аудандық және реттеуші органдар 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-мен жобалау кезеңінде кездесулер. ▪ «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-мен кездесулер туралы жаңартылған ақпарат. 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-мен ресми кері байланыс, мысалы, ҚОӘБ бойынша қорытынды, рұқсаттар мен лицензиялар беру туралы шешім, 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Тұрақты мониторинг үшін жобалау кезеңінде және құрылыс кезінде.
<ul style="list-style-type: none"> ▪ Жұртшылық және кәсіпорын 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ аудан кеңесінің мүшесі ұйымдастыратын «Шоқпар Жел Электр-станциясы» ЖШС-нің және қоғамдық кеңес өкілдерінің кездесуі. ▪ Қоғамдық кеңес өкілдері мен жұртшылықтың қатысты мүшелерінің 2 ашық кездесуі. 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Жұмысқа орналастыру мүмкіндігімен қоса жоба туралы ақпарат және Шағым түсіру және қарау механизмі. ▪ Құрылыс кезеңіндегі жұмыс кестесі. ▪ Қол жеткізуді уақытша шектеу және кемшіліктерді шектеу үшін мердігер 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Құрылыстың бүкіл кезеңі ішінде.

Мүдделі тараптар	Коммуникация әдістері	Ашуға жататын ақпарат	Мерзімдері
<ul style="list-style-type: none"> Мемлекеттік емес ұйымдар 	<ul style="list-style-type: none"> Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманның жоба туралы ақпаратты электрондық пошта немесе телефон арқылы таратуы Ақпаратты Жоба веб-сайтында жариялау. 	<p>қабылдайтын бақылау шаралары.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жобамен байланысты негізгі экологиялық тәуекелдер, яғни негізгі орнитологиялық аумақтар сияқты сирек немесе қорғалатын түрлерге және жақын маңдағы табиғатты қорғау аумақтарына жағымсыз әсер ету. Биоәртүрлілікке және оның сақталуына жағымсыз әсерді азайту үшін қолданылатын шаралар. Жобаның климаттың өзгеруін азайтуға және аймақтағы жаңғыртылатын энергия көздерін инвестициялауға оң әсері. 	<ul style="list-style-type: none"> Бүкіл құрылыс және пайдалану бойы.
<ul style="list-style-type: none"> Мердігерлер 	<ul style="list-style-type: none"> «Шоқпар Жел Электр-станциясы» ЖШС өкілдері қажетіне қарай мезгіл-мезгіл қатысатын жиналыстар. Құрылыс кезіндегі ЭЖӨ іс-шаралары мен процедуралары есептерін жасау және талқылау үшін инженер-инспектормен кездесулер. 	<ul style="list-style-type: none"> ӨЭШЖ (ПСЭМ), ЭЭБЖ (ПСЭМ) және ҚОӨБЖ (ПУВОС) жүзеге асыру бойынша жаңартылған ақпарат қажетіне қарай Инженер-инспекторға берілетін ЭЖӨ мәселелері мен деректер, сонымен қатар анықталған мәселелерді шешу. 	<ul style="list-style-type: none"> «Шоқпар Жел Электр-станциясы» ЖШС мәжілісі құрылыстың бастапқы кезеңінде келісімшартқа қол қойылғаннан кейін және қажет болған жағдайда құрылыс кезеңінде өткізіледі. Мердігердің ЭЖӨ бойынша жетекші маманы апта сайын құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде инженер-инспектормен кездеседі.
<ul style="list-style-type: none"> Құрылысшылар 	<ul style="list-style-type: none"> Мердігердің ЭЖӨ бойынша жетекші маманы жұмыс орнындағы әлеуметтік-экологиялық басқару жөніндегі іс-шаралар мен процедуралар бойынша мердігердің қызметкерлеріне нұсқау береді және жолдайды. 	<ul style="list-style-type: none"> Орындалуы қажет ЭЖӨ ісшаралар мен процедуралар (әсіресе еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында). 	<ul style="list-style-type: none"> Бүкіл құрылыс бойы.
<ul style="list-style-type: none"> Инженер-инспектор 	<ul style="list-style-type: none"> «Шоқпар Жел Электр-станциясы» ЖШС өкілдерінің қатысуымен кездесулер. Құрылыс кезінде ЭЖӨ ісшаралар мен процедураларын талқылау 	<ul style="list-style-type: none"> ӨЭШЖ (ПСЭМ), ЭЭБЖ (ПСЭМ) және ҚОӨБЖ (ПУВОС) жүзеге асыру бойынша жаңартылған ақпарат қажетіне қарай Инженер-инспекторға берілетін ЭЖӨ мәселелері 	<ul style="list-style-type: none"> құрылыстың бастапқы кезеңінде келісімшартқа қол қойылғаннан кейін және бүкіл құрылыс кезеңінде өткізілетін «Шоқпар Жел Электр-

Мүдделі тараптар	Коммуникация әдістері	Ашуға жататын ақпарат	Мерзімдері
	үшін мердігерлермен кездесулер.	мен деректер, сонымен қатар анықталған мәселелерді шешу.	станциясы» ЖШС жиналыстары. <ul style="list-style-type: none"> Мердігердің ЭжӘ бойынша жетекші маманы апта сайын құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде инженер-инспектормен кездеседі.
<ul style="list-style-type: none"> ЕҚДБ 	<ul style="list-style-type: none"> «Шоқпар Жел Электр-станциясы» ЖШС-нің Экологиялық, әлеуметтік мәселелері, сондай-ақ еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша жыл сайынғы және қажетіне қарай ақпаратты жаңалау. ЭжӘ туралы жыл сайынғы есептер. Кездесу барасында және/немесе электрондық пошта арқылы Жоба директоры тапсырады. 	<ul style="list-style-type: none"> ӘЭШЖ (ПСЭМ), ЭӘБЖ (ПСЭМ) және ҚОӘБЖ (ПУВОС) жүзеге асыру бойынша және әлеуметтік-экологиялық басқарудың жалпы тиімділігі туралы жаңартылған ақпарат. 	<ul style="list-style-type: none"> Құрылыс басталғанға дейін, құрылыс кезінде және жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде жыл сайынғы және қажетіне қарай кездесулер.
<ul style="list-style-type: none"> Жергілікті БАҚ 	<ul style="list-style-type: none"> Жоба веб-сайтынан алынған ақпарат. Жобаға байланысты сұрақтар қою мақсатында өкілдердің жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманмен кездесуі. 	<ul style="list-style-type: none"> Жоба ұсынатын әлеуетті әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерді талқылау. 	<ul style="list-style-type: none"> Құрылыс аяқталғанға дейін.

Қосымша ақпарат пен түсініктеме алу үшін мүдделі тараптар төменде келтірілген байланыс деректерін пайдалана алады:

Аты-жөні: Наурызбек Жумагазин, *Аймақтық әкімшілік менеджері*

Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 1 ықшам ауд., 2 құрылыс, 4 кеңсе

Телефон: +7 747 271 1469

Факс: +7 727 355 8833

Email: info@sarysuwpp.kz

Жоғарыда келтірілген кестені қорытындылай келе, осы міндет үшін **коммуникацияның негізгі әдістері** төменде сипатталған:

А. «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-нің экологиялық және әлеуметтік (ЭжӘ) мәселелер бойынша ішкі мәжілістері

Бұл кездесулер Компанияға экологиялық және әлеуметтік (ЭжӘ) іс-шараларды іске асыруды ұйымдастыруға уақыт береді, сондай-ақ инженер-инспектор мен мердігерлерге «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-не құрылыс жұмыстарын жүргізу кезеңінде олардың ЭӘБЖ және экологиялық және әлеуметтік (ЭжӘ) іс-шараларды

орындауы туралы жаңартылған ақпарат беруге мүмкіндік береді. «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС, инженер-инспектор және мердігерлер арасындағы өзара әрекет олардың жұмыс көлеміне келісіледі және олардың жеке келісімшарттарына енгізілетін болады. Бұл барлық үш тарап арасындағы тұрақты байланысты көздейді.

В. Жергілікті билік органдарымен және аймақтық реттеуші органдармен кездесулер

Жоба бойынша жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман жергілікті қажеттіліктерді және жобаға қатысты мәселелерді немесе алаңдаушылықтарды анықтау үшін аудандық және жергілікті кеңестермен байланыста болады. Бұдан басқа, аудандық жұмыспен қамту орталығы жобаны жүзеге асыруға байланысты жергілікті халықты жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы хабардар етіледі. Бұл кездесулер жергілікті және ұлттық заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Жоба аясында құрылыс жұмыстарын жүргізуге барлық қажетті рұқсаттарды, лицензияларды және жіберуді алуға қолдау жасау үшін де өткізілетін болады.

С. Жергілікті жұртшылықпен және кәсіпорындар иелерімен кездесулер

Жобалық алаңға жақын орналасқан жергілікті тұрғындар мен кәсіпорындардың иелері Қоғамдық кеңес өкілдері арқылы «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-не жоспарланған құрылыс нақты кәсіпкерлік қызметке кедергі келтірмейтініне және қажетсіз қолайсыздықтар мен кідірістер жасамайтынына көз жеткізу үшін өз пікірлерін бере алады.

Д. Жергілікті БАҚ-тармен өзара әрекет

Жобаның Веб-сайты басқа коммуникация әдістерімен қатар ақпарат алмасу үшін пайдаланылады. Мүдделі тұлғалар өз сұрақтарын / пікірлерін жібере алады. «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-нің жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманы БАҚ реакцияларына, түсініктемелерге, сұрақтарға және ұсынылған фотосуреттерге мониторинг пен назар аударуларға қажетіне қарай жауап береді.

Е. ЕДҚБ-мен экологиялық және әлеуметтік (ЭжӘ) мәселелер бойынша мәжілістер

«Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС жыл сайын (және қажеттілігіне қарай) Еуропалық қайта құру және даму банкіне экологиялық, әлеуметтік мәселелер бойынша, сондай-ақ құрылыс және пайдалану кезеңінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері жөнінде жаңартылған ақпарат беретін болады. Бұл жаңартылған ақпарат қарыз ратификацияланғанға дейін келісілген экологиялық және әлеуметтік (ЭжӘ) іс-шаралардың жүзеге асырылуын көрсетеді. Бұған мердігерлер мен инженер-инспектор орындауы тиіс әрекеттер кіреді.

Ғ. Мемлекеттік емес ұйымдармен кездесулер

Жобаға мүдделі болуы мүмкін аймақтық мемлекеттік емес ұйымдармен байланысқаннан кейін «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС қажет болған жағдайда қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік қорғау бойынша қабылданып жатқан шараларды талқылау үшін кездесулер ұйымдастырады. Жобаға мүдделі халықаралық мемлекеттік емес ұйымдар ақпаратты жобаның веб-сайтынан алады.

6. ЕСЕПТІЛІК, ШАҒЫМ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАРАУ МЕХАНИЗМІ

6.1. Мониторинг, есептілік және кері байланыс механизмі

«Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС байланыс арналарын қадағалайды және қажетіне қарай кері байланыс жасайды. Құрылыс кезеңінде мүдделі тараптар үшін Жобалау алаңында шағым түсіруге арналған жәшік болады; шағымдарды пошта, электрондық пошта және телефон арқылы МТӨЖ Орындаушысына беруге болады. Ауызша шағымдармен қоса, кез келген шағымдарды «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС байланыс тұлғасы шағымдардың дерек қорында тіркейтін болады.

Осы МТӨЖ-нің орындалуын және шағымдарды беру және қарау механизмінің жұмыс істеуін бақылау мақсатында «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС ЕҚДБ-ға тиісті механизмдерінің бар екенін және жұмыс істейтінін растайды. Бұған өзара әрекет бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы жазбалармен, хаттамалармен және/немесе құжаттамалармен алмасу, оның ішінде МТӨЖ аясында өткізілген ақпаратты ашу жөніндегі іс-шаралар жатады. «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-нің ЭЖӘ іс-шаралары бойынша жылдық есеп ұсынуын қарай ЕҚДБ жыл сайын МТӨЖ-нің орындалуын бағалайтын болады.

6.2. Шағым түсіру және қарау механизмі

«Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС алдыңғы қатар Шағым түсіру және қарау механизмін пайдаланатын болады.

Кез келген түсініктемелер немесе алаңдаушылықтар компанияның назарына ауызша (жеке немесе телефон арқылы) немесе жазбаша түрде электрондық пошта арқылы немесе шағым формасын олтыру арқылы жеткізілуі мүмкін. Шағым формасын Жобалық алаңдағы ғимараттардағы шағым жәшігі арқылы жеке түрде немесе электрондық пошта арқылы онлайн беруге болады.

Шағым формасы мен процедура туралы ақпарат (оның ішінде байланысатын тұлғалар туралы) Жобаның веб-сайтында өзара әрекет жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде және Жобалау алаңында қолжетімді болады. Ақпараттық плакаттар әр құрылыс алаңында арнайы хабарландыру тақталарына орналастырылады.

Барлық шағымдар, соның ішінде анонимді шағымдар деректер қорында тіркеледі. Жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман, инженер-инспектор және «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС кез келген шағымдар мен наразылықтарға қатысты барлық ақпаратпен алмасып, тығыз ынтымақтастықта болады.

Шағымдардың деректер қорында түскен шағымдар туралы келесі ақпарат сақталады:

- Шағым нөмірі
- Санаты (ол шағым мәні)
- Шағым жасаған тұлғаның аты-жөні (егер көрсетілген болса)
- Шағым жасаған тұлғаның жынысы
- Шағым жасаған тұлғаның мекен-жайы
- Шағым жасаған тұлғаның байланыс деректері
- Шағым алынған күн
- Шағым қандай жолмен алынды
- Шағым алушы
- Мәселенің сипаты
- Жауап күні

- Ақырғы шешім күні мен мәртебесі
- Кірістірілген ұйымдар
- Шағымді шешу және оның мәртебесі
- Шағымның ағымдағы мәртебесі туралы ескертпе мысалы, шағымды шешу бойынша жоспарланған ішаралар және олардың барысы
- Шағымды алу және оны растау арасындағы күндер саны
- Шағымды алу және оны шешу арасындағы күндер саны

6.3. Шағымды шешу

Егер шағымдар учаскеде берілсе, мердігер Компания шағымдарды тіркеуге және оларды 1-ші кезеңге сәйкес шешуге жауапты болады. Егер мердігер шағымды шеше алмаса, 2-ші кезең үшін сипатталғандай, процедураға Компания кірістіріледі. Компания мердігер компаниялардан шағымдар журналын алуға жауапкершілікте болады. Мүдделі тараптардың шағым түсіру кезеңдерінің бірін пайдалану мүмкіндігі бар. Олар тікелей 2 кезеңнің шағым беру процедурасын пайдалана алады.

Барлық ауызша немесе жазбаша шағымдар немесе наразылықтар мердігер немесе «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС оларды алғаннан кейін бірден тіркеледі. Шағымдар қарауға қабылданады және оларға 5 жұмыс күні ішінде жауаптар (бірінші жауап) беріледі. Шешім шағымды алу расталған сәттен бастап **1-ші-кезең үшін 10 жұмыс күні ішінде** және **2-ші кезең үшін 30 жұмыс күні ішінде** ұсынылатын болады, алайда мердігер мен «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС шағымдарға жауап беруге және мәселелерді алған күннен бастап мүмкіндігінше тезірек шешуге тырысатын болады. Жеке тұлғалар өздерінің аты-жөндерін көрсетпеу құқығын сұрай алады және бұл механизм мүдделі тараптардың басқа сот құралдарын қолдана отырып шағымдарды реттеу құқығын жоққа шығармайды. Берілген шағымдарды қарау және реттеу төменде келтірілген процедураларға сәйкес жүзеге асырылатын болады:

- **1-ші кезең** – Мердігер компания шағымдарды қабылдайды және шешеді. Егер 1-ші кезеңде өтініш берушінің шағымы қаралмаса, оған 2-ші кезеңдегі шағымдарды шешу процедуралары туралы хабарланады. Өтініш беруші 1-ші кезеңнің процедураларына жүгінбестен 2-ші кезеңнің процедураларын пайдалануға құқылы. «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС 1-ші кезеңде берілген барлық шағымдар туралы шағымдардың деректер қоры арқылы хабардар болады және олардың шешілуін қашықтықтан қадағалайды.
- **2-ші кезең** – «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС шағымдарды қабылдайды және шешеді. Шағымдарды әрі қарай шешу үшін «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС шағымдарды қарау бойынша ішкі мәжілісті ұйымдастырады (**1 қосымшаны** қараңыз).

Өтініш беруші егер оның шағымы 1-ші кезеңде де, 2-ші кезеңде де шешілмеген болса немесе шағымдарды беру және қарау механизмін пайдаланбастан тікелей сотқа жүгінуге құқылы.

6.4. Рөлдер мен міндеттер

Орындаушы ұйым ретінде «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС жобаның жүзеге асуына және талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге жалпы жауапты болады. Төменде көрсетілген байланыс тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар ЕҚДБ Экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес Жобаға байланысты барлық шағымдардың қаралуының қамтамасыз етілуі үшін жауапты:

Аты-жөні: Наурызбек Жумагазин, *Аймақтық әкімшілік менеджері*

Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 1 ықшам ауд., 2 құрылыс, 4 кеңсе

Телефон: +7 747 271 1469

Факс: +7 727 355 8833


Email: info@sarysuwpp.kz

Мердігер компаниялар «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-нің шағымдарын оларды шешу үшін жолдай отырып, және егер қажет болса 1-ші кезеңде шағымдарды шешу арқылы МТӨЖ орындау процесіне жәрдем көрсететін болады. Мердігер компания алған кез келген шағым сол жерде белгіленіп, «Шоқпар Жел Электрстанциясы» ЖШС-не берілетін болады. Бұл тендерлік құжаттамада және Мердігер компанияның Іскерлік этика кодексінде айтылады.

Бұдан өзге, Соңғы сатыдағы тәуелсіз құрал бола отырып, ЕҚДБ жобалары бойынша есеп берудің тәуелсіз механизмі (ЖЕТМ) әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуге және жобаға қатысы бар адамдар мен азаматтық қоғам ұйымдары ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар туралы көтерген ақпаратты жобаның мүдделі тараптары арасында ашу мәселелерін шешуге жәрдемдесуге немесе Банктің өзінің МТӨЖ және нақты жобағы қатысты ақпаратқа қол жеткізу туралы өз саясатының ережелерін сақтағанын анықтауға арналған; және тиісті жағдайларда осы ережелердің кез келген қолданыстағы сақталмауын жою үшін, Банктің болашақта оларды сақтамауына жол бермеуге арналған.

1 ҚОСЫМША – Шағым түсіру және оны қарау процедурасы және шағым формасы

1 қосымша. Шағым түсіру және қарау процедурасының схемасы



1.2 қосымша. Шағым формасы

Тіркеу нөмірі:	
Аты-жөні	
Ескертпе: <i>сіз шағымды аты-жөніңізді көрсетпей жасай аласыз, егер сіздің келісіміңізсіз сіздің жеке басыңызды үшінші тұлғаларға ашпауды қаласаңыз немесе аушпауды сұрасаңыз</i>	<input type="checkbox"/> Мен шағымды аты-жөнімді көрсетпей жасағым келеді <input type="checkbox"/> Менің келісімімсіз менің жеке басымды ашпауды сұраймын
Байланыс ақпараты Қалған байланыс тәсіліңізді белгілеуіңізді сұраймыз (пошта, телефон, электронды пошта).	<input type="checkbox"/> Поштамен: пошта мекен-жайыңызды көрсетуіңізді сұраймыз: _____ _____ _____ <input type="checkbox"/> Телефонмен: _____ <input type="checkbox"/> Электрондық поштамен: _____
Тіл Қалаған қатынас тілін көрсетуіңізді сұраймыз	<input type="checkbox"/> Қазақ тілі <input type="checkbox"/> Орыс тілі <input type="checkbox"/> Басқа тіл
Оқиғаның немесе шағымның сипаттамасы: Не болды? Ол қай жерде болды? Ол кіммен болды? Мәселенің нәтижесі қандай?	
Оқиғаның/шағымның күні	
	<input type="checkbox"/> Бірмәртелік оқиға/шағым (күні _____) <input type="checkbox"/> Бірнеше рет болды (неше рет? _____) <input type="checkbox"/> Өлі де жалғасуда (осу уақытта да болып жүр)
Мәселені шешудің қалаулы нәтижесі	

Бұл форманы келесі мекен-жайға қайтаруды сұраймыз:

Аты-жөні: Наурызбек Жумагазин, *Аймақтық әкімшілік менеджері*

Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 1 ықшам ауд., 2
құрылыс, 4 кеңсе
Телефон: +7 747 271 1469
Факс: +7 727 355 8833
Email: info@sarysuwpp.kz